

**ӘЛ-ФАРАБИ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТИ**

**ЗАҢ ФАКУЛЬТЕТИ**

**Қылмыстық құқық, қылмыстық іс жүргізу және криминалистика  
кафедрасы**

**«6В04205– Құқықтану» мамандығы бойынша  
UP 2212 Қылмыстық құқық (Ерекше бөлім) пәнінен  
ЕМТИХАН БАҒДАРЛАМАСЫ**

**АЛМАТЫ, 2022**

«6В04205 – Құқықтану» мамандығы бойынша UP 2212 Қылмыстық құқық (ерекше бөлім) пәнінен емтихан бағдарламасын Қылмыстық құқық, қылмыстық іс жүргізу және криминалистика кафедрасының доценті Ш.Б.Маликовамен әзірленді

Қылмыстық құқық, қылмыстық іс жүргізу және криминалистика кафедрасының мәжілісінде қарастырылып бекітілген

« 31 » 08 2022 ж. Хаттама № 1

Кафедра меңгерушісі, з.ғ.д., профессор

Джансараева Р.Е.

## Кіріспе

«БВ04205 – Құқықтану» мамандығы бойынша бакалавриаттың білім алу бағдарламасын оқыту Қазақстан Республикасы Мемлекеттік жалпыға міндетті білім стандарты мен академиялық саясатқа сәйкес пәнді оқып игеру қорытынды бақылау - емтихан тапсырумен аяқталады. Емтиханға (қорытынды бақылауға) төлем бойынша берешегі жоқ, бакалавриатқа арналған оқу бағдарламасы мен оқу жұмыс жоспарына сәйкес пән бойынша оқу процессін аяқтап, тиісінше балл жинаған студенттер ғана жіберіледі. Қорытынды емтихан (қорытынды бақылау) академиялық күнтізбе мен оқу жұмыс жоспарына сәйкес, көрсетілген мерзімдерде жүргізіледі.

Оқу бағдарламасы мен оқу жұмыс жоспарына сәйкес пән бойынша оқу процессін аяқтап, тиісінше балл жинай алмаған студенттер қанағаттанарлықсыз бағасын оң бағаға қайта тапсыру үшін студент келесі академиялық кезеңдерінің бірінде немесе жазғы семестрде сол пән бойынша оқу жұмыс жоспарында қарастырылған барлық сабақ түрлеріне қайта қатысып, рұқсат алады және қорытынды бақылау тапсырады.

Егер студент оқу бағдарламасын толық көлемде орындай отырып, емтиханға уақытылы қатыспаса, емтихан ведомосындағы оның фамилиясының тұсына «келген жоқ» деген жазу жазылады. Студенттің дәлелді себептері болған жағдайда факультет деканының өкімімен оған емтихан тапсырудың жеке кестесі бекітіледі. Емтиханға келмеуінің дәлелді себептері болмаған жағдайда «қанағаттанарлықсыз» деген бағаға теңестіріледі.

«FX» белгісіне сәйкес «қанағаттанарлықсыз» баға алған жағдайда студентке емтиханды қайта тапсыру мүмкіндігі беріледі.

Қорытынды бақылаудың бағасымен келіспейтін студентке (докторант, магистрант) емтихан өткізілген күннен кейінгі күннен кешіктірмей апелляция беру мүмкіндігі қарастырылған.

Қорытынды бақылау бойынша оң бағаны осы аралық аттестаттау кезеңінде жоғарылату мақсатында қайта тапсыруға рұқсат етілмейді

Емтихан сұрақтары тиісті тексерістен өткеннен кейін бекітіледі.

### Емтихан тапсыру бойынша нұсқаулық

1. Пән бойынша қорытынды емтихан Univer жүйесінде ситуациялық тест нысанында жүргізіледі. Тест тапсыру барысы автоматты прокторинг жүйесімен, егер прокторинг болмаса проктор немесе оқытушының қадағалауымен қатал бақыланады. Емтихан тапсырушының жеке компьютеріне мынадай талаптар қойылады:

1.1. Стационарлық компьютер немесе ноутбуктың болуы (планшет, смартфон);

1.2. Жұмыс жасайтын әрі қосулы веб-камера керек (ноутбуктегі өзінің орнатылған камерасы да болады, смартфондардың камерасы алдыңғы жағында қосулы болу керек);

1.3. Емтихан кезінде интернетке үзіліссіз қосылу қажет;

1.4. Емтихан тапсырудың барлық уақыты жазылады, бұл ретте студенттің беті, үстелі және кеңістігі көрінуі тиіс.

- 1.5. Емтихан кезінде сайтты жабуға тыйым салынады.
2. Емтихан міндетті түрде алдын ала бекітілген кестеге сәйкес жүргізіледі.
3. Студент қорытынды бақылаудың алдында арнайы нұсқамадан өтеді және бағалау критерийлерімен танысуы тиіс.
4. Прокторинг талабы бойынша студент емтихан басталғанға дейін 30 минут бұрын кестедегі сілтеме бойынша бейнеконференцияға қосылуы тиіс.
5. Ситуациялық тест көптік таңдау түрінде бір немесе екі дұрыс жауабымен болады.
6. Univer АЖ 15 ситуациялық тапсырма/75 тесттен келеді және тасыруға 1 ғана мүмкіндік беріледі. Тест тапсырудың жалпы уақыты – 100 минут. Тест тапсырмаларының қиындық деңгейі бойынша бөлінуі:
  - жеңіл - 5 ситуациялық тапсырма / 25 тест
  - орта - 5 ситуациялық тапсырма / 25 тест
  - қиын - 5 ситуациялық тапсырма / 25 тест
 Әр тапсырмаға бір немесе екі дұрыс жауабы бар 5 тест. (Әр 5 жауаптан тұратын тесттің бір немесе екі дұрыс жауабы бар)
- Емтиханда бір нұсқада 1 студентке базалық – 5 ситуациялық тапсырма/25 тест құрастырылады.
7. Univer АЖ тест сұрақтары автоматты түрде құрастырылады (генерацияланады).
8. Ситуациялық тест жауаптары дұрыс жауаптың кілттері арқылы автоматты түрде тексеріледі.
9. Емтихан тапсыру уақыты аяқталғаннан кейін қорытынды бақылау нәтижелері студенттің және оқытушының жеке кабинетіне автоматты түрде түседі.
10. Ситуациялық тест қорытындысы прокторинг нәтижесінде қайта қаралуы мүмкін. Студент емтихан тапсыру тәртібін бұзған жағдайда ситуациялық тапсырма нәтижесінде алған бағасы жойылуға жатады.

### Бағалау саясаты

Критериалды бағалау: дескрипторларға сәйкес оқыту нәтижелерін бағалау, аралық бақылау мен емтихандарда құзыреттіліктің қалыптасуын тексеру.

Жиынтық бағалау: аудиториядағы (вебинардағы) жұмыстың белсенділігін бағалау, орындалған тапсырманы бағалау.

Пән бойынша қорытынды баға келесі формула бойынша есептеледі:

$$\frac{AB_1+MT+AB_2}{3} \times 0,6 + ҚБ \times 0,4$$
 Мұнда АБ – аралық бақылау; МТ – аралық емтихан, ҚБ – қорытынды бақылау (емтихан).

Әріптік жүйе бойынша баға	Сандық эквивалент	Баллдардың (%-дық көрсеткіші)	Дәстүрлі бойынша баға жүйе
А	4,0	95-100	Өте жақсы
А-	6,67	90-94	
В+	3,33	85-89	Жақсы
В	3,0	80-84	

B-	2,67	75-79	Қанағаттанарлық
C+	2,33	70-74	
C	2,0	65-69	
C-	1,67	60-64	
D+	1,33	55-59	
D-	1,0	50-54	Қанағаттанарлықсыз
FX	0,5	25-49	
F	0	0-24	

### Қылмыстық құқық (ерекше бөлім)

#### Емтихан сұрақтары қамтылатын тақырыптар:

**1-тақырып. Қылмыстық құқықтың Ерекше бөлімінің түсінігі, жүйесі. Қылмысты саралаудың түсінігі және маңызы.**

1. Қылмыстық құқықтың ерекше бөлімінің түсінігі.
2. Қылмыстық құқықтың ерекше бөлімінің жүйесі қалыптасуы және дамуы.
3. Қылмыстық құқықтық саралау.

**2-тақырып. Жеке адамға қарсы қылмыстық құқық бұзушылықтар**

1. Жеке адамға қарсы қылмыстар жалпы сипаттамасы
2. Адам өлтіру: түсінігі және түрлері, құрамдарын қылмыстық құқықтық талдау.
3. Денсаулыққа қарсы қылмыстар
4. Өмірі мен денсаулығы үшін қауіпті жағдайда қалдыру.
5. Жеке адамның жыныстық қолсұқпаушылығына және жыныстық еркіндігіне қарсы қылмыстар.
6. Жеке бас бостандығына қарсы қылмыстар.
7. Жеке адамның ар-ождан және қадір-қасиетіне қарсы қылмыстар.

**3-тақырып. Отбасына және кәмелетке толмағандарға қарсы қылмыстық құқық бұзушылықтар**

1. Отбасына және кәмелет жасқа толмағандарға қарсы қылмыстардың түсінігі және түрлері.
2. Кәмелет жасқа толмағандарға қарсы қылмыстар.
3. Отбасына қарсы қылмыстар.

**4-тақырып. Адамның және азаматтың конституциялық және өзге де құқықтары мен бостандықтарына қарсы қылмыстық құқық бұзушылықтар.**

1. Адамның және азаматтың конституциялық және өзге де құқықтары мен бостандықтарына қарсы қылмыстық құқық бұзушылықтардың жалпы сипаттамасы.
2. Жеке құқықтар мен бостандықтарға қарсы қылмыстарды саралау ерекшеліктері.
3. Адам және азаматтың еңбек құқықтарына қарсы қылмыс құрамдарының белгілері.

4. Сайлау құқықтарын қылмыстық бұзу құрамдарының ерекшеліктері.

### **5-тақырып. Бейбітшілікке және адамзат қауіпсіздігіне қарсы қылмыстар.**

1. Бейбітшілікке және адамзат қауіпсіздігіне қарсы қылмыстардың жалпы сипаттамасы.
2. Бейбітшілікке және адамзат қауіпсіздігіне қарсы қылмыстар үшін жауаптылықты реттейтін құқық қайнар көздерінің түрлері.
3. Бейбітшілікке қарсы қылмыстарды қылмыстық-құқықтық талдау.
4. Адамзат қауіпсіздігіне қарсы қылмыстарды саралау мәселелері.

### **6-тақырып. Мемлекеттің конституциялық құрылысының негіздеріне және қауіпсіздігіне қарсы қылмыстық құқық бұзушылықтар.**

1. Мемлекеттің конституциялық құрылысының негіздеріне және қауіпсіздігіне қарсы қылмыстық құқық бұзушылықтардың жалпы сипаттамасы.
2. Мемлекеттің конституциялық құрылысының негіздеріне қарсы қылмыстық құқық бұзушылықтардың түсінігі және түрлері.
3. Қылмыстық жазаланатын экстремизмнің түсінігі және экстремистік топтың белгілері.
4. Диверсияның объективтік және субъективтік белгілері.
4. Мемлекеттік құпияларды заңсыз жинау, тарату, жария ету құрамын қылмыстық- құқықтық талдау.

### **7-тақырып. Меншікке қарсы қылмыстық құқық бұзушылықтар.**

1. Меншікке қарсы қылмыстардың жалпы сипаттамасы және оларды жүйелеу
2. Бөтеннің мүлкін ұрлау түсінігі және нысаны, түрлері
3. Ұрлықпен байланысты емсе меншікке қарсы қылмыстар: түсінігі, түрлері және ұрлықтан айырмашылығы
4. Бөтеннің мүлкін жою немесе бүлдірумен байланысты қылмыстар

### **8-тақырып. Ақпараттандыру және байланыс саласындағы қылмыстық құқық бұзушылықтар.**

- 1 Ақпараттандыру және байланыс саласындағы қылмыстық құқық бұзушылықтардың жалпы сипаттамасы
2. Ақпараттық қауіпсіздікке қарсы қылмыстық құқық бұзушылықтардың түсінігі және оларды құқықтық талдау.

3. Байланыс аясына қол сұғатын қылмыстық құқық бұзушылықтардың түсінігі және олардың объективтік және субъективтік белгілері.

### **9-тақырып. Экономикалық қызмет саласындағы қылмыстық құқық бұзушылықтар**

1. Экономикалық қызмет аясындағы қылмыстардың жалпы сипаттамасы
2. Заңды кәсіпкерлік қызметіне кедергі келтіруді қылмыстық құқықтық талдау.
3. Кәсіпкелік және өзгеде экономикалық қызмет аясындағы қылмыстардың қылмыстық құқықтық сипаттамасы.
4. Жалған ақша немесе бағалы қағаздарды жасау немесе сату
5. Салық қылмыстары.
6. Экономикалық контрабандв: түсінігі, қылмыстық құқықтық талдау және ҚР ҚК 250- бабынан айырмашылығы.
7. Тұтынушыларды алдау қылмысын қылмыстық құқықтық талдау

### **10-тақырып. Қоғамдық қауіпсіздікке және қоғамдық тәртіпке қарсы қылмыстық құқық бұзушылықтар.**

1. Қоғамдық қауіпсіздікке және қоғамдық тәртіпке қарсы қылмыстар жалпы сипаттамасы.
2. Терроризм: түсінігі, құрамын қылмыстық құқықтық талдау және шектес құрамдардан ажырату.
3. Бандитизм қылмыс құрамын қылмыстық құқықтық талдау.
4. Жаппай тәртіпсіздік үшін қылмыстық жауаптылық
5. Қылмыстық жазаланатын бұзақылық.

### **11-тақырып. Халық денсаулығына және имандылыққа қарсы қылмыстық құқық бұзушылықтар.**

1. Халықтың денсаулығына және адамгершілікке қарсы қылмыстардың түсінігі және түрлері.
2. Есірткі заттар мен психотроптық заттардың заңсыз айналымы.
3. Халықтың денсаулығына қарсы өзгеде қылмыстардың қылмыстық құқықтық сипаттамасы.

### **12-тақырып. Медициналық және экологиялық қылмыстық құқық бұзушылықтар.**

1. Медициналық қылмыстық құқық бұзушылықтардың жалпы сипаттамасы.
2. Заңсыз түсік жасау құрамының объективтік және субъективтік белгілері.
3. Экологиялық қылмыстық құқық бұзушылықтардың жалпы сипаттамасы.
4. Экологиялық қылмыстық құқық бұзушылықтардың түрлері.
5. Экологиялық қылмыстық құқық бұзушылықтардың затының

### **13-тақырып. Көліктегі қылмыстық құқық бұзушылықтар.**

1. Көліктегі қылмыстық құқық бұзушылықтардың жалпы сипаттамасы.
2. Көліктегі қылмыстық құқық бұзушылықтардың түрлері және олардың объективтік, субъективтік белгілері.

### **14-тақырып. Мемлекеттік қызмет пен мемлекеттік басқару мүдделеріне қарсы қылмыстар, сыбайлас жемқорлық және өзге де қылмыстар.**

1. Мемлекеттік қызмет пен мемлекеттік басқару мүдделеріне қарсы қылмыстардың түсінігі және түрлері.
2. Сыбайлас жемқорлық түсінігі, түрлері және оның нысандары
3. Қызмет өкілеттігін теріс пайдалану
4. Биліктік немесе қызметтік өкілеттіктерін асыра пайдалану
5. Парақорлық қылмысының құрамын қылмыстық құқықтық талдау.

### **15-тақырып. Басқару тәртібіне қарсы қылмыстық құқық бұзушылықтар**

1. Басқару тәртібіне қарсы қылмыстық құқық бұзушылықтардың жалпы сипаттамасы
2. Басқару тәртібіне қарсы қылмыстық құқық бұзушылықтардың түрлері.
3. Басқару тәртібіне қарсы қылмыстық құқық бұзушылықтардың жекелеген түрлерінің сипаттамасы

### **Ұсынылатын әдебиеттер тізімі:**

- 1 Қазақстан Республикасының Конституциясы. 30 тамыз 1995 жыл.өзгертулер мен толықтыруларымен бірге, эл.база «adilet.kz», 2020 ж.
- 2 ҚР Қылмыстық кодексі 3 шілде 2014 ж. – Алматы: ЮРИСТ, 2021. – 220 б.
- 3 Адамның өміріне және денсаулығына қарсы кейбір қылмыстарды саралау туралы» №1 11 желтоқсан 2007 жылғы ҚР Жоғарғы сотының қаулысы
- 4 «Зорлаумен және нәпсіқұмарлық сипатындағы өзгеде күш қолданумен байланысты қылмыстарды саралаудың кейбір мәселелері туралы» №4 11 желтоқсан 2007 жылғы ҚР Жоғарғы сотының қаулысы.
- 5 Комментарий к Уголовному кодексу Республики Казахстан. Особенная часть / Под ред. И.Ш. Борчашвили. – Алматы, 2015. – 500 с.
- 6 Ағыбаев А.Н. Қылмыстық кдекске түсіндірме (Жалпы және Ерекше бөлім) – Алматы, 2015. – 768 б.
- 7 Уголовное право зарубежных стран (Особенная часть): учебно-методическое пособие / Н.Е.Крылова, А.В.Малешина, А.В.Серебренникова; - М.: Статут, 2019.
- 8 Бородин С.В. Квалификация преступлений против жизни. М., 1999г.



9 Рахметов С.М., Турецкий Н.Н. Преступления против личности. Алматы, 2004 г.

10 Чечель Г.И. Квалификация истязаний по действующему законодательству. Барнаул, 1989г.

4. Викторов И.С. Уголовно-правовая ответственность за распространение венерических заболеваний. Саратов, 1980г.

5. Баймурзин Г.И. К характеристике объекта оскорбления и клеветы // Проблемы совершенствования законодательства и практика борьбы с преступностью. Алма-Ата, 1992г.

6. Қылмыстық құқықтың ерекше бөлімі бойынша тапсырмалар жинағы/А.Н.Ағыбаев, Г.И.Баймурзин және т.б.; Алматы: Қазақ университеті, 2008г.